

## **2016 жылы Ақтөбе қаласы аумағында әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 15 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 4633 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын 1999 жылы туған еркек жынысты азаматтарды, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтөбе қаласының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, тіркеу қорытындысы туралы 2016 жылдың 11 сәуірінде қала әкіміне хабарласын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Арынғазиеваға және "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Сүндетовке жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Б.Сағын*